

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің
ішкі талдау жүргізу бойынша
әдістемелік ұсыныстарына
2 қосымша

**«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚның
қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері
бойынша аналитикалық ақпарат**

қ. Қарағанды

«22» мамыр 2024 жыл

КІРІСПЕ БӨЛІМ:

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚның басқарма төрағасының 2023 жылғы 14 маусымдағы № 05-33/30 «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚның қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығының негізінде өткізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2024 жылдың сәуір айының 23 мен мамыр айының 22 аралығында өткізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Үлгілік қағидаларға сәйкес жүргізілді.

Жұмыс тобы:

1. Комплаенс-қызметінің жетекшісі – Ертысбаев Асет Азаматович;
2. Мемлекеттік бағдарламалар және активтерді басқару департаментінің директоры – Джаметова Айжан Сериковна;
3. Инвестициялық жобалар және инвесторларға қызмет көрсету орталығы департаментінің директоры – Карымов Дастан Серикович;
4. «Қарағанды облысының өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары – Капаев Сержан Елеубекович.

СИПАТТАУ БӨЛІМ:

1. Персоналды басқару және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды анықтау.

Кәсіпорынның штаттық саны 39 адам (нақты саны – 35 адам, вакансиялар – 4 адам). 2023 жылдың ішінде жұмысқа 20 адам қабылданды. 2024 жылда жұмысқа жаңа жұмыскерлерді қабылдау өткізілген жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін бірқатар ішкі құжаттар әзірленді және Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілді (2023 жылғы 17 тамыздағы № 06/219 хаттама).

Қоғам қызметкерлерімен әр тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарының сақталуы бойынша түсіндірме және оқыту іс-шаралары өткізіліп тұрады.

2. Мүдделер қақтығысын шешу.

2023 және 2024 жылдың бірінші жартыжылдығы бойынша Қоғамның қызметінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Көрсетілген мерзімде жұмысқа қабылданған қызметкерлер мен Басқарма мен Директорлар кеңесі мүшелерінің арасында қатыстылық белгіленбеген.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша жұмыстар атқармайды.

4. Рұқсат ету функцияларын жүзеге асыру.

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ рұқсат ету функцияларын жүзеге асырмайды.

5. Бақылау және аудит функцияларын жүзеге асыру.

«Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ бақылау және аудит функцияларын бойынша жұмыстар атқармайды.

6. Бюджеттік және қаржы ресурстарын игеру және бөлу (Саны – 1).

1) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің атауы:

«Ауыл Аманаты» бюджеттік несиелендіру мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде Қоғам қызметкерлерінің пара делдал алу/ұсыну тәуекелі.

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты:

2023 жылға арналған ауыл тұрғындарының кірістерін арттыру жобасын кеңейту үшін ауыл тұрғындарына шағын несиелер беру үшін облыстық бюджеттерге кредит берудің негізгі шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 17.02.2023 жылғы № 136 қаулысы.” Шеңберінде Қоғам 29.05.2023 жылғы № 336/ДП агенттік шартының және 29.09.2023 жылғы № 336/ДП-1 агенттік шартының негізінде бюджеттік несиелендіру жөніндегі уәкілетті агенті болып айқындалды.

Қарағанды облысын қаржыландыру мақсатында **3 432 561 000 (үш миллиард төрт жүз отыз екі миллион бес жүз алпыс бір мың) теңге бөлінді.**

Бағдарлама бойынша өтініш қабылдау өтініш берушілер мен Қоғам қызметкерлерінің тікелей байланысы арқылы жүзеге асырылды, бұл делдал паруалу/ұсыну қаупін тудырады.

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша ұсыныстар:

Өтініштерді тіркеу құжаттарды жұмысқа қабылданған күні жүргізу. Өтінімдерді қарау кезінде мерзімдер мен ретті сақтау. Электрондық қызметтер арқылы өтініштер мен қажетті құжаттарды қабылдаудың қашықтағы әдісін қарастыру.

7. Жеке және заңды тұлғалармен келісім-шарт жасау.

Қоғам тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді «Квазимемлекеттік сектордың жеке субъектілерінің сатып алулары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сатып алады.

2023 жылы Қоғам -107 шарт жасасты, оның ішінде: баға ұсыныстарын сұрау арқылы – 68 (жалпы сомасы 26 409 505,19 теңге), ашық конкурс арқылы -

4 шарт (жалпы сомасы 13 813 135,04 теңге), бір көзден тікелей жасасу тәсілімен (мемлекеттік емес сатып алу)- 2 шарт (жалпы сомасы 37 005 875,01 теңге), бір көзден алу тәсілімен (мемлекеттік емес сатып алулар бойынша) өтпеген конкурстар бойынша - 33 шарт (37 005 875,01 теңге.).

2024 жылдың басынан жалпы сомасы 83 515 766 теңгені құрайтын 52 шарт жасалды, оның ішінде: баға ұсыныстарын сұрау арқылы - 42 шарт (жалпы сомасы 17 618 763 теңге), ашық конкурс арқылы - 6 шарт (жалпы сомасы 49 914 124 шарт), 6 шарт бойынша бір көзден алу тәсілімен жалпы сомасы 15 982 879 теңге құрайтын шарттарға қол қойылды.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Қоғамның ресми сайтында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет көрсету бөлімі құрылды, онда азаматтар сыбайлас жемқорлықтың ықтимал фактісіне тап болған кезде хабарлай алатын сенім телефонының нөмірі көрсетілген.

9. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын басқа да мәселелер.

Ұйымдастырушылық-басқару қызметінен туындайтын басқа мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ


Ұсыныстардың жалпы тізімі:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында Қоғам мен еншілес ұйымдардың қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында Қоғамның қызметіне және оның ішкі ережелеріне жүйелі талдау және мониторинг жүргізу.
3. Қоғам қызметінің бағыттары бойынша келеңсіз материалдарды анықтау үшін бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарға тұрақты негізде мониторинг жүргізу.

Қосымшалар: _____ парақта (талдау кезінде пайдаланылған құжаттардың көшірмелері, сот шешімдері, хаттамалар, тексеру актілері және басқа да құжаттар, ақпараттық материалдар).

ЖҰМЫС ТОБЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ


Комплаенс-қызметінің жетекшісі:

Ертысбаев А.А. 


Мемлекеттік бағдарламалар және активтерді
басқару департаментінің директоры:


Джаметова А.С. 

Инвестициялық жобалар және
инвесторларға қызмет көрсету орталығы
департаментінің директоры:

Карымов Д.С. 

«Қарағанды облысының өнеркәсіп және
индустриялық-инновациялық даму басқармасы»
мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары

Капаев С.Е. 

Танысты
Басқарма төрағасы:  Жаров А. Т.